

# ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

*Е. Т. Әбілезов,  
заң ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан Республикасы ИМ Академиясы  
ЖІҚЖАТҚ кафедрасы бастығының орынбасары (Алматы қ.)*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫ ШЕШУДІҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Экономика, саясат, діни және қоғамның өзге де әлеуметтік салаларында пайда болатын қажеттіліктер сияқты, құқық саласы да нақты әлеуметті қалыптастыратын реттеу құралдарын қажет етеді. Ал құқық болса тек қана тұрақтылық пен үйлесімділікті қалыптастыратын қоғамдық қатынастар саласын реттеуге бағытталған адамдардың жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығын құрайды. Құқық әдетте тек қана қоғамның бір ғана саласын реттеуге бағытталса да әлеуметтік қайшылықтарды шешуге ұмтыла отырып, қоғамдағы дағдарыстық ахуалдардың орын алуына шектеу қоя алады. Ал қазіргі кезеңдегі құқықтық ой жүйесі де әлеуметтік қайшылықтарды шешуге жолын тапқан. Мысалы, Р.О. Халфинаның ойынша, арнайы құқық нормативтік жүйе ретінде тұлғалардың жүріс-тұрысы мен қоғамның қалыптасуына әсер ете отырып, қоғамда болып жататын қарама-қайшылықтардың пайда болу мүмкіндігін тануға, олардың дамуына жол бермеуге қатысты алдын алу жолдарының тиімді тәсілін қолдануда септігін тигізері сөзсіз делінген [1, 30 б.].

Құқықтың әлеуметтік қайшылықтарды шешудің бір тәсілін кем дегенде екі жағдаймен түсіндіріп кетуге болады. Біріншісі □ жеке қайшылықтар (оның пайда болу саласына байланысты емес), яғни мемлекетке немесе қоғамға және онда өмір сүріп жатқан жеке тұлғаларға залал келтіре отырып қоғамдық қатынастарға кері әсерін тигізетіндігі, бұл жағдайда оларды тек қана әлеуметтік тұрғыда қатағ реттеу жолымен ғана құқық арқылы реттеуге болады. Екіншіден жекелеген құқықтық жазбаларының тәсілдерінен байқағанымыздай, құқық маңызды алдын алу тұрақтылығы тұрғысынан қайшылықтардың дамуының алғашқы сатысында-ақ, оны күрделі нысанына қол жеткізбестен жүзеге асырады.

Мүдделердің қайшылықтарына бағытталған құқық нысаны таңдамалы құқық бұзушымен жүзеге асырылатын заңсыз әрекеттердің алдын ала отырып, құқық бұзушылықтың салдарынан болған зардаптардың орнын толтырып, ең бастысы мемлекет заңнамасына негізделі отырып әлеуметтік қайшылықтарды шеше алады. Олай дегеніміз – арнайы заңи құрылымды құқық нормасы қоғамның функциясының тұрақтылығын онда болып жататын әртүрлі қоғамға қауіпті

құқықбұзушылықтардың орын алуына қарамастан дер кезінде қамтамасыз ете алады. Құқықтық анықтамаларда түрлі әлеуметтік нормаларда кездескендей әлеуметтік қайшылықтарды шешу функциясының бар екендігін айта кетуге болады.

Құқықтың әлеуметтік қайшылықтарды шешуге бағытталған осы және өзге де тәсілі кейінгі сипаттаманы қамтымауы мүмкін емес, сонымен қатар жеке пән мен жеке пайда болу сыртқы насыны бар даулы қоғамдық қатынастар саласын да қамтиды. Міне осы айтылғандарға сай, мынандай қорытынды шығаруға болады, яғни кез-келген құқық саласы болмасын тек өзіне қатысты қатынастарды реттеумен қатар әлеуметтік дауларды шешу барысында өзіндік әдістерімен ерекшеленеді. Қылмыстық құқық саласын алар болсақ, қылмыстылықпен байланысты қоғамдық қатынастар жиынтығын тұрақты реттеуге бағытталған. Қылмыстық құқық саласы өзінің пайда болуына қатысты бір ғана жағдайымен әлеуметтік қайшылықтар ғана емес, қылмыстылықпен оның ішінде қауіптілікпен байланысты қоғамдағы қайшылықтарды реттеуге бағытталғандығын көрсетіп отыр.

Дегенмен қылмыстық құқықты әлеуметтік қайшылықтарды шешудің әмбебап жолы деп түсінуге болмайды. Әлеуметтік-экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы қайшылықтардың барлығы емес, тек кейбір түрі ғана жаңа қоғамдық қатынастардың құрылғыларына құқықтық қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге немесе айта кетелік, осы және өзге себептерге байланысты азаматтардың белсенді әрекеттеріне қолдау көрсету, оның ішінде жеке тұлғалардың әрекетіне тыйым салу әдісі секілді қылмыстық құқықтық жолымен шешілуі мүмкін. Міне сондықтан, қылмыстық құқықтың мүмкіндіктері болып қоршаған ортаның тыйым салынған әрекетіне оң бағыт беру табылды. Осы айтылғандарды қоғамда кездесетін құқықтық санада бұрыннан және қалыптасып келе жатқан көндіру функциясының бар екендігін және ол арқылы қылмыстық құқық саласында түгелдей дерлік болмаса да, көптеген әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды шешуде маңызды деп санау қажет. Саяси, экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық кешендердің ішінен тек қана әлеуметтік-экономикаға кері әсерін тигізетін қайшылықтардың алдын алу, оларды шешу көп жағдайды қылмыстық құқыққа жүктеліп жатады, яғни адамдардың еркін жүріп-тұруына әсер ететін экономикадан тыс әдістер қолданылып жатады. Соның салдарынан әлеуметтік тәжірибеден кері әсер ететін құбылыстарды ысырып тастау жүзеге асырылмай, сонымен қатар қылмыстық құқық нормалары айтылып кеткендей «тұғырыққа тіреліп», яғни әрекетсіздікке ие бола отырып тек кей жағдайда ғана қолданысқа ие болып, ал нақты жағдайға байланысты «өлі» нормативтік жазылым деп атауға болады. Жоғарыда аталғандай қылмыстық құқық әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды шешу құралы болуы мүмкін емес деп алынған мысалдарды негізсіз деп санауға болады.

Белгілі болғандай, кеңестік әлеуметтік мемлекеттің өткен жылдарында экономикалық қызмет саласындағы қайшылықтар үдей түскен болатын. Мемлекеттің экономикасын басқаруда бұйрықтық-әкімшілік әдістемелер жүйесінің негізінде мемлекеттік меншіктік монополизм мен оған сәйкес келетін мемлекеттік қызметті іске асыру барысында, оның ішінде шаруашылық саласында да өндіргіш күштердің дамуы кезеңінде қайшылықтардың тамыры тереңге жайылғаны соншалықты, соңында тіптен экономиканың дамуына кері әсерін тигізді. Экономика саласында пайда болған кері әсердің бірі ретінде тауарлар мен әртүрлі қызмет көрсетудің тапшылығы болды да, олардың қанағаттандырылуы белгіленген мемлекет нысаны негізінде жүзеге асырылды. Көлеңкелі экономиканың құрамдас бөлігі ретінде аталып өткендей ауытқулы түрлеріде кездескен нақты қатерлер шаруашылық механизміне де қатыстылығы сауда мен халыққа қызмет көрсету барысында қамтып отыруы куәландырады. Белгілі болғандай, сауда мен халыққа қызмет көрсету саласында осындай әртүрлі ауытқумен байланысты әрекеттер қылмыстық құқықтың шегінен шығып және байырғы қалыптағы секілді тек қана басқарудан рыноктық экономикаға өту процесі кезінде ғана шешілуі жеке және шаруашылық қызметтің нысанның плюрализмімен байланысты түрде жүзеге асырылған болатын.

Қылмыстық құқықты әлеуметтік қайшылықтарды шешудің әмбебап құралы деп тануды мақсатқа лайықты емес деп санау қылмыстылықпен күресте маңызды деп танылмауы мүмкіндігімен шартталған болатын.

Егер, И.И. Карпецтің әділ ойына сүйенер болсақ, қылмыстылықпен күрес дегеніміз □ ол қоғам және мемлекетпен кешенді экономикалық, саяси, идеологиялық, мәдени-әлеуметтік және

құқықтық сипатағы қолданысы және де құқық □ бұл ең соңғы орындалатын әрекет, □ деп айтқан [2, 88 б.].

Ішкі қайшылықтың жеке әрекеті барысында әлеуметтік қайшылықтың дамуы қауіпті фазасы ретінде әрқашанда адамзаттың әрекетінің нысаны түрінде жүзеге асырылып жатады. Егер қайшылықтың осындай түрі кездесіп жататын болса, онда қорғалатын қоғамдық қатынастарды қамтамасыз ететін құқық нормаларына да зиян келіп, оны құқықбұзушылық деп атауға болады. Осындай ішкі қайшылықтың кездесетін әртүрлілігі қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік игілік пен құндылықтарға қол сұғушылық болып табылады. Қылмысты жасаған тұлғалар қоғам мен жанама түрде болса да қылмыстық құқықта орын алған адамгершілік-этикалық құндылықтарға қарсы келу деген сөз. Мысалы, П. Сорокин айтқандай, «барлық қылмыстық актілер мен қылмыстық әрекеттің барлық топтарының ортақ белгісі (кез-келген жеке тұлғаның ойынша) қарама-қайшылықтың рұқсат етілген – міндетті» деп танылатын олардың әрекеті мен актілерін қоса алғандағы болып белгісі табылады [3, 76 б.].

Философиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, ішкі қайшылықтар (қылмыстылық) терістеуді теріске шығару заңына негізделген, бірақ бұл жағдайда қолданыстағы қылмыстық құқық шараларында көзделгендіктен оны қылмыс жасаған тұлғаға қолдану «екінші терістеуді» деп саналады.

«Бірінші терістеу» қылмыстың өзінде болуы объективті және субъективті жақты біріктіруді түзетін ерікті әрекетті санасында ұғыну актісінде орын алады. Объективті белгінің сырттай болуы әрекет немесе әрекетсіздік нысаны қоғамдық қатынастар жүйесінде қылмыстарға қатысты терістеуді өзгертуге алып келеді, яғни әлеуметтік әрекеттегі зиян келтіруші құбылыс деп саналады. Субъективті жағынан айыпталушының санасындағы психикада жүріп жататын процестер тұрғысынан алып қарағанда қылмыс □ бұл тұлғаның қылмыстық заңмен қорғалуға жататын әлеуметтік құндылықтарды аяқ астынан ескермеу нысанын белгілейтін құбылыс.

Қылмыс барысында тұлғаның теріс мінезі мен субъектінің қасиетімен бірге қоғамға қайшы келетін мақсаты, көзқарасы, әдеті түзіледі. Қылмыстық құқық теориясында кең тараған кінәні әлеуметтік мәнділік көзқарасы тұрғысынан тұлғаның қоғамға қауіпті көзқарасынан көрініс табатын қоғамға деген теріс қарым-қатынасы деп айту кездейсоқтық емес. Әрекет кінәнің арқасында тек қана объективті зиян тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар субъектінің басқа тұлғаларға, қоғамға және мемлекетке деген теріс қарым-қатынасын білдіре алады. Кінәні әлеуметтік мәнді түсіндірмесіне негізделген анықтамасы енгізілген [4, 98 б.] және олар көп жағдайда қасақана қылмыс жасауда айыпталушы өзімен жүзеге асырылған құқықпен қорғалатын ықыласын «жоққа шығару» фактісіне қатысты шешімдерді отаға салады.

Қылмыстың жасалуы айыпталушы жағынан құқықты тәртіпті теріске шығаруымен, яғни «бірінші терістеумен» байланысты деп қорытынды шығаруға болады. Негізінен кез-келген қылмыс, терістеуді білдіре алмайтын қоғам мен мемлекет алдында жауапты реакцияны білдіреді. Көп жағдайда мемлекеттік реакцияға қатысты оның тек қана теріс екендігін айтып кетуге болады.

Философиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, ішкі қайшылыққа рұқсат беру процесі айыпталушыға қатысты мемлекет тарапынан бұлтартпау шарасы ретінде айыптау мен өзге де қылмыстық-құқықтық әрекет ету шараларымен, қылмыскер мен онымен жасалған қылмысқа теріс баға берумен қатысты «екінші терістеумен» аяқталады. Қылмыстық құқықты ішкі қайшылықты шешетін құрал ретінде қарастыратын болсақ, онда философиялық контекстегі терістеу заңын түсіндірмесіндегідей қылмысты «алып тастау» процесіне қатысты оны қалпына келтіру деп түсінбеген дұрыс. Қоғамға қарсы қылмыс орын алғандықтан объективті тұрғыдан алғанда жазалау қаншама қатаң болса да мемлекеттің реакциясымен немесе Н.С. Таганцевтің айтуы бойынша «қылмыстылықты жоққа шығару» және тікелей жазалау арқылы толық қалпына келтірілмейді: яғни кісі өлтірушіні жазалағанмен өлген адамды тірілту мүмкін емес дене сияқты [5, 67 б.].

Қылмыстылықтан босату тек қана бұзылған құқық бұзушылықты қалпына келтіруге бағытталған қылмыстық құқықпен жүзеге асырылады, ол «құқық арқылы қалпына келтіру».

Заң әдебиеттерінде пайда болған қылмыстылықтың шешу құралы ретінде, яғни тұлғалар мен қоғамға қатысты ішкі қайшылықтарын шешетін айыптау кей жағдайда тағайындау мен атқару кезінде ғана қатысты болады, ол шынымен де қылмыстық құқықтың қайшылыққа

қатысы бар мүмкіндігін алып тастайды. Мемлекет пен тұлғалар арасындағы қайшылықтарды шешетін құқықтық құралы болып қылмыстық жауаптылық институты табылады.

Қылмыстылық жауаптылық тергеу әрекеттері сияқты қылмыс жасалуы барысында қылмыстық-құқықтық жауаптылық арқылы, атап айтсақ «қылмыстылық жауаптылық қатынастарымен» жүзеге асырылады. Өмірлік жағдайда көрініс тауып жататын қылмыстылықтағы қылмыстық-құқықтық қатынастар қылмыстық жауаптылық үшін қылмыс жасаған адам мен мемлекет арасында пайда болған қайшылықтарды реттеуде қажет болып табылады. Осы аталған қайшылықты шешетін арнайы әдісі болып қылмыстық жауаптылық танылады да, ол мемлекеттің айыпталушыға жасаған қылмысына қатысты әрекетін жоққа шығаруы (алып тастау) дегенді білдіреді.

Заң әдебиеттерінде көрсетілгендей, қылмыстық жауаптылықты зерттеушілер тәжірибе жүзінде қылмыс пен тұлғаны, мемлекет тарапынан оны жасаушыларына қайшы келетін бағалау қасиеттері тән деген ортақ ойға келеді.

Қылмыстық құқықпен шектелген құқық бұзушылық жасаған тұлғаның әрекетін қайшы бағалау соттың айыптау қорытындысынан көрініс тауып жатады. Сотпен шығарылған айыптау қорытындысы қылмыстық жауаптылықтың басталғандығын білдіріп, қылмыскерге жасаған қылмысы үшін айып тағу және оған қатысты жеке басына немесе мүліктік сипаттағы шектеуге алып келеді.

Кез-келген нақты жағдайда қылмыстық жауаптылықтың шеңбері әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан қазіргі қылмыстық заңдылықты іске асырудың келесідей нысандары қарастырылады: кінә тағу арқылы айыпталушыны соттау, жаза тағайындау және оны орындау арқылы кінәліні түзеу. Осы аталған нысандар қылмыстық жауаптылықты іске асыруда қылмыстық құқықтың заң нормаларында қарастырылып, қылмыстылықтан көрініс табатын нәтижесі ішкі қайшылықты шешудің әділ жолы болып табылатын қылмыстық құқық нормаларын нақты қолданылуын білдіреді. Сондай-ақ тұлғаның қылмыстық жолмен жүзеге асырылған әрекеттің реттеу жаза тағайындап, оны орындау жолымен іске асыру әдетте жиі орын ала бермейді. Жаза тағайындау мен оны орындау □ ең маңызды болса да, ішкі қайшылықты (қылмыстылықты) шешетін бірден бір жол емес. Қолда бар қарастырылған қылмыстық заңның негізінде көрініс табатын субъекті мен мемлекеттің мүддесінің қайшылығы қылмыс жасау барысында ол жаза тағайындау. Бірақ оның орындалуынсыз кінәліні айыптау мүмкін емес.

Қылмыстық жауаптылықтың іске асуы нәтижесінде жоғарыда аталған нысанның кез-келгені ол қылмыстылықты «алып тастау» түрінде ғана емес, сонымен қатар онымен бұзылғанды әділ және заңды түрде қалпына келтіру, яғни құқық бұзушылықты орнықтыру дегенді білдіреді. Бұл орайда мәселе мынада болып тұр, яғни қылмыстылық жауаптылықты тағайындау кезінде тұлға жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын толтырып, қоғамдық тұтынушылардың қанағаттадыруы мүмкін, осындайда айыпталушы азаматың жасаған қылмысына қатысты жазалануында қорқыныш пен өзіне деген сенімсіздік сезімі құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен күресуінде нақты сенімділік таныта отырып, адамның, қоғам немесе мемлекеттің мүддесін қорғауға жол береді. Ішкі қайшылыққа рұқсат бере отырып қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқықтың алдында тұрған қорғау міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы ҚК-інде қылмыстық жауаптылықтан босату институты орын алған. Қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босату кезіндегі пайда болған ішкі қайшылықтарды шешу оны мемлекет тарапынан соттың ғана емес, сонымен алдын ала тергеу жүргізу органдары мен судьялардың жоққа шығару арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстылық жауаптылықтан босатудың шарты мен негізін және іске асыруды меңзейтін нормаларды қолданудың нәтижесінде жасаған қылмысты тек қана «жоққа шығарып» қана қоймай, олармен бұзылған құқықтық тәртіпті, яғни әділеттілік пен заңдылықты қалпына келтіреді. Осыған байланысты мынандай сұрақ туындайды, яғни қылмыстық құқықта қолданылып жүрген қылмыстық жауаптылықтан босату шаралары қылмыстық жолмен бұзылған қатынастарды әділ жолмен қалпына келтіре алады ма? Ал қылмыстық жауаптылықтан босатылу барысында тұлға соттың айыптау шешімінде көрініс табатын бұзылған құқықтық тәртіпті қалпына келтіру арқылы да қылмыстық жазадан да босатылады. Міне сондықтан

жүзеге асырылғалы отырған негізгі субъективті бағалы сәт, яғни қылмыстық жазадан босатуды қолданып жүрген органдардың шешуі мынандай белілерге сәйкес келуі, яғни осы қылмыстық-құқықтық әсер ету шаралары әділеттілік қағидасының шегінен шықпай, қоғамдық санада қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты заңсыз шаралары деп түсінбеулері қажет.

Қылмыстық жауаптылықтан босату кезіндегі әділеттілікті қалпына келтіру талаптарын қанағаттандыратын белгісі болып қылмыс жасаған тұлғаның келтірілген зардабының орнынын толтыру, яғни кінәсін мойындату мен түзетуі табылады. Қылмыспен келтірілген зардаптың орнын толтыртыру барысында құқық қорғау органдарының қылмысты ашуға бағытталған белсенді әрекеттері мен кінәсін толық мойындауы жолымен ішкі қайшылықтарды «жояды».

Осындай позитивтік қылмыстылықтан алшақтататын әрекеттер қоғамға келтірілетін қауіпті азайтып қана қоймай (келтірілетін зардаптың алдын алады), сонымен қатар жеке адамға қарсы қылмыстардың санын да азайта түседі. Қылмыстық құқықтық әдебиетерде айтылғандай, «объективті-әлеуметтік қажеттілік қылмыстылықтан алшақ әрекет және де тұлғамен жасалатын әрекетке кері әсер етеді» □ делінген [6, 26 б.].

Сондай-ақ шын өкіну □ бұл кінәлінің бәрінен бұрын өзі «жоққа шығаратын» және онымен жасалған қылмыстың ішкі қайшылығын көрсететін нысаны болып табылады. Позитивтік қылмыстылықтан алшақ көрсететін әрекетті бағалай отырып оны қылмыстық жауаптылықтан босатудың жеке негізі ретінде қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдерінде көзделген нормаларды мемлекет әлеуметтік қайшылықтарды жоюдың заңи құралы деп таниды.

Қылмыс жасаған тұлғаның өз әрекетіне қатысты шын өкінуімен байланысты және де жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға, егер қылмыс жасаған тұлға келтірілген залалдың орнын толтырып, қылмыспен келтірілген құқықтық тәртіпті қалпына келтіріп, әділеттілік қағидасын орындаса ғана жол беріледі. Осы айтылғандарды ҚК-тің басқа да ұқсас баптарымен шатастыруға болмайды, неге десеңіз, осы бапта жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылудың негіздері көзделген. Қылмыстық заңның мәніне қарай жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізін тұлғаның өкінуімен байланыстыруға келмейді, ол ішкі қайшылықтарды (қылмыстарды) шешетін әділеттілік қағидасына сәйкес келмейді. Ал жағдайдың өзгеруімен байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату тұлғаның қоғамға қауіпсіздігін жоққа шығаруына алып келетін ауырлығы онша ауыр емес және орташа қылмыстарына қатысты кінәсін мойындап келу және келтірілген залалдың орнын толтыру, құқық қорғау органдарына қылмысты ашуға бағытталған әрекеттері мен жұмысқа алынуы жағдайымен шатастыруға болмайды. Сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан босатудың осы түрін ішкі қайшылықтарды шешудің жолы ретінде қолдансақ, онда ол алып тастау, «жоққа шығару» дегенді бідірсе де, ол әділеттілік қағидасына сай қылмыстық жолмен бұзылған құқықтық тәртіпті қалпына келтіре алмайды. Осыған байланысты жағдайдың өзгеруіне байланысты қоғамға қауіпті тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босататын қылмыстық-құқықтық жүзеге асырудан бас тарту орынды болып табылады.

Қылмыстық әрекеттен көрініс табатын ішкі қайшылықтар қылмыстық құқықтың жүйелі әрекетімен ішкі қайшылықтарға әкеп соқтырып, соның салдарынан қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қатысты тұлғалардың қызығушылығы әртүрлі болып қана қоймай, сонымен қатар сәйкес келмеуі де мүмкін. Ішкі қайшылықтар әлеуметтік қайшылықтардың даму сатысы секілді ішкі қайшылықтардың алдында болғандықтан ол қылмыстық әрекеттің нысанында мүлдем көрініс таппайды. Соның салдарынан әлеуметтік қайшылықтар еш кедергісіз дамуы арқылы ішкі қайшылықтар сыртқыға, яғни біріншісі екіншісіне ауысады, қоғамға қарсы құбылыстар қылмыспен құнды бағыттар және тұлғаларды анықтаумен іске асырыла отырып, олар қылмыстық әрекет басталғанға дейін қоғамдағы адамгершілік-этикалық көзқарастарға да қайшы келуі мүмкін.

Қылмыстағы ішкі қайшылықтарды шешу қылмыстық құқықтық қатынастардың қылмыстық жауаптылық институты және оның нысаны, оларды іске асыру және де қылмыстық жауаптылықтан босату, оның ішінде қылмыстық жазадан босату нормасының шегінде ғана жүзеге асырылады. Бірақ та қылмыстық құқық әлеуметтік қайшылықтардың дамуының ең қауіпті деген сатысында □ сыртқы қайшылықтың және де орын алған алғашқы сатысы □ ішкі қайшылықтың да алдын алуы мүмкін. Осыған тыйым салу нормалары тән болып келеді, себебі ол жаза тағайындау жолымен қорқыту арқылы азаматтардың тұрақты санасында қылмыс жасау

деген ниетінен бас тартқызу арқылы алдын алуға бағытталған. Егер қылмыстық құқық нормаларының алдын алу функциясы □ тыйым салуға жол беретін болса, онда ол әлеуметтік қайшылықтардың ішкі сатысында-ақ, яғни тұлғаның қызығушылығы қоғамға қарсы бола тұрса да жазалау қаупінің бар екендігін түсіне тұрып, қылмыстылыққа жол бермей, оның санасындағы қоғамға деген қайшылық «жоққа шығып», қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қауіп төндіретін немесе залал келтіретін объективтелген нысанында жүзеге асырылмауы да мүмкін.

Міне сондықтан, ішкі қайшылықтарды қылмыстық-құқықтық қатынастар шегіндегі қылмыстық-құқықтың тыйым салу нормасы арқылы ғана жоюға болады екендігіне көз жеткіздік. Екіншісінің пайда болмау себебі, яғни сыртқы қайшылыққа қатысты қылмыстық-құқықтық қатынасты жоятын заңи факт, яғни ішкі қайшылық қылмысқа ұласпайды деген сөз.

Жоғарыда аталғандардың негізінде сыртқы қайшылықтарды шешу арқылы, қылмыстық құқық, қылмыстық қол сұғушылықтың алдын ала отрып, қылмыстық заңмен тұлғаны қорғауға алынған қоғамдық қатынастар арасында пайда болған әлеуметтік қайшылықтарды, тіпті оның алдыңғы сатысында-ақ, яғни ішкі қайшылықтың дамуын да шешуге мүмкіндік алады.

Осыған байланысты қылмыстық құқықтық тұрғыда қарастырылып өткен әртүрлі шешу құралы, яғни тыйым салу нормалары □ қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты жазаны қолдану қаупін туғызу арқылы әлеуметтік қайшылықтарды шешуге мүмкіндік алатындығын дәлелдеп отыр.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Халфина Р.О. Диалектические противоречия и право // Советское государство и право. 1988. №1.
2. Карпец И.И. Преступность как реальность // Вопросы философии. – 1989. №5.
3. Сорокин П. Человек, цивилизация, общество. – М., 1992.
4. Рарог А.И. Вина в советском уголовном праве. – Саратов 1987.
5. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Общая часть: лекции. – М., 1994. Т. 2.
6. Никулин С.И. Деятельное раскаяние и его значение для органов внутренних дел в борьбе с преступностью: учебное пособие. – М., 1985.

#### **Annotation**

*In the present article law questions as means of the permission of special contradictions are considered, and also the role and value of criminal law as one of means of the permission of social contradictions is allocated. Opinions of leading scientists are considered, the author's position is allocated.*

#### **Резюме**

*В настоящей статье рассматриваются вопросы уголовного права как средство разрешения социальных противоречий, а также выделяется роль и значение уголовного права как одного из средств разрешения социальных противоречий. Рассматриваются мнения ведущих ученых, выделяется авторская позиция.*

**Д. Ажинурина,**

*Абай атындағы ҚазҰПУ мемлекеттік басқару және экологиялық құқық кафедрасының доценті (Алматы қ.)*

## **ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ САЛААРАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРМЕН АРА ҚАТЫНАСЫ**

Еңбек қатынастарын құқықтық реттеу тетігінің мәні мен ішкі бірлігін білдіретін ғылыми және құқықтық санат ретіндегі еңбек құқығының қағидаттары туралы мәселеде маңызды теориялық және практикалық мән бар. Қағидаттардың сақталуы еңбек құқығы нормаларының дұрыс қолданылуының, еңбек қатынастарының реформалаудың қажетті шарты, олар республикадағы әлеуметтік-экономикалық қайта құру процесіне парапар болуға тиіс.